еді?

15 мин

**Қалыптастырушы бағалау**

*Оқушылар өзін-өзі бағалау критерийі бойынша бағалайды.*

*Тура пропорционалдылықтың формуласын дәлелдейді және есеп шығару барысында қолданады.*

**№1.** Дайындалған мал азығы 75 сиырға 150 күнге жетеді. Егер сиырлар саны 40 сиырға өссе, осы дайындалған мал азығы неше күнге жетер еді? Тура пропорционалдылықтың формуласын құру арқылы есепті шығарыңыз.

**«Пропорционал» жарысы** (сыныпта 12 оқушы)

*Оқушыларға кез келген заңдылықпен үлестірмелерді таратып беріңіз (үлестірмелерде алты түрлі есеп жазылған). Есептерінің жауаптары сәйкес келген екі оқушыны бір топқа біріктіріңіз. Құрылған алты топқа В деңгейіндегі есептерді үлестіріңіз.Тағы да жауаптары сәйкес келген екі топты біріктіріңіз. Әр топтан белсенді оқушыны топ басшысы етіп сайлаңыз. Құрылған үш топқа С деңгейінің есептерін беріңіз. Деңгейлік тапсырмаларды беру арқылы оқушылардың тақырыпты қаншалықты игергені анықталады. Мұғалім оқушыларды қадағалайды. Оқушылармен кері байланыс жүргізеді. Жарыс соңында топ басшылары бір параққа өз тобындағы оқушылардың есептің түсінбеген тұстарын жазуды талап етеді. Оқушылар өзіндік бағалау жүргізеді.*

**А деңгейі**

1. 2 кг сәбіз үшін 30 теңге төленген. Бағасы осындай 6 кг сәбіз үшін қанша ақша төлеу керек?
2. 6 кг сәбіз үшін 90 теңге төленген. 30 теңгеге осындай бағамен қанша килограмм сәбіз сатып алуға болады?
3. Метрі 200 теңге тұратын бір орам матаға 800 теңге төленді. Метрі 400 теңге тұратын болса, ұзындығы осындай бір орам жібек матаға қанша ақша төленді?

3 мин

4. Метрі 400 теңге тұратын бір орам матаға 1600 теңге төленген, ал ұзындығы осындай бір орам кендір матаға 800 теңге төленген. Кендір матаны қандай бағамен сатып алған?
5. Бағасы 1200 теңге тұратын 6 балалар костюміне, бағасы 3600 теңге тұратын балалар пальтоларына төлегендей ақша төленген. Қанша балалар пальтосы сатып алынған?
6. Бағасы 3600 теңге тұратын 2 балалар пальтосына, 6 балалар костюміне төлегендей ақша төленді. Костюмдерді қандай бағаға сатып алған?

**В деңгейі**

1. Оқушы қыз бірдей бағамен 6 торкөз дәптер және 4 ұзын жолды дәптер сатып алды. Ол барлығы үшін 70 теңге төледі. Торкөз дәптерлер және ұзын жолды дәптерлер жеке алғанда қанша тұрады?
2. Оқушы қыз бірдей бағамен торкөз дәптер және ұзын жолды дәптер сатып алған. Барлығы 10 дәптер. Торкөз дәптер үшін ол 42 теңге, ал ұзын жолды дәптер үшін 28 теңге төледі. Қанша торкөз дәптер және ұзын жолды дәптер сатып алынды?
3. Дүкенде бірдей мөлшерде бас киім мен шарфтар сатылған. Бас киім 500 теңге, ал шарф 300 теңге тұрған. Барлық сатылған заттар үшін 1600 теңге төленген. Барлық бас киімдер мен шарфтар жеке-жеке қанша тұрады?

**С деңгейі**

1. Хорға қатысатын оқушылардың костюмі үшін бірдей бағамен екі орам жібек мата сатып алынған: біреуінде 18 м, екіншісінде 15 м бар. Бірінші орам мата үшін екінші орам матаға қарағанда 210 теңге артық ақша төледі. Әр орам мата қанша тұрады?
2. Хорға қатысушылардың костюмі үшін бірдей бағамен екі орам жібек мата сатып алынды: бір орам мата үшін 1260 теңге, ал екіншісі үшін 1050 теңге төленген. Бірінші орамдағы мата, екінші орамдағы матаға қарағанда 3 м артық. Әр орамда қанша метр мата бар еді?

**Үй жұмысы**

1. Массасы 150 г, концентрациясы 40 % ас содасы дайындалған. Оған қанша су қосқанда концентрациясы 15% ас содасының ерітіндісі алынады?
2. 4 тігінші 15 күнде 20 көйлек тіккенде, 2 тігінші 9 күнде неше көйлек тікті?
3. Ұзындығы 800 м поезд станция кезекшісінің тұсынан 40 секундта өтті, ал тоннельден 1,5 минутта өтті. Тоннельдің ұзындығын табыңыз.
4. Құбырдан аққан сумен 2 сағатта хауыздың 15-і толады. Әрбір сағатта құбырдан аққан судың мөлшері өзгермегенде, 5 сағатта хауыздың қандай бөлігі суға толады?
5. Шиеден қайнатылған тосаптың 2 бөлігі шие, 3 бөлігі құмшекер болу үшін 8 кг шиеге неше кг құмшекер қосу керек?

**Рефлексия**